

Бектенов
ИП «Байсатусова З.Я.»
«Al-Adl» бодибилдинг-бизнесмендері
Меңгерушісі Байсатусова З.Я.
Байсатусова З.Я.
«11» 09 2018 ж.

2026 - 2027 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Ересек “Болашақ” тобы

Музыка жетекшісі: Рақыжанова А.А.

2026 - 2027 оқу жылы.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2026 – 2027 оқу жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Al-Adil» бөбекжай - балабақшасы

Топ ересек «Болашақ» тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау) Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) жоғары дыбыстарды ажырату Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыр (ре-си бірінші октава шегінде) Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз ән айтуға баулу. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу: жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

Тексерген әдіскер: *Құрбанова Е.Р.*